

*Академияның Ғылыми Кеңесінің
2025 жылғы 28 наурыздағы
шешімімен бекітілген
№12 хаттама*

**«7M04123– Цифрлық мемлекеттік басқару»
магистратура білім беру бағдарламасы**

1. Бағдарламаның атауы: «7M04123– Цифрлық мемлекеттік басқару» магистратура білім беру бағдарламасы («7M041 – Бизнес және басқару» даярлау бағыты).

2. Оқу мерзімі: 1 жыл

3. Барлық кредиттер (ECTS): 65

4. Бағдарламаның сипаттамасы:

Бір жылдық магистратура бағдарламасы мемлекеттік секторда цифрлық шешімдерді әзірлеуге және енгізуге, цифрлық мемлекеттің жүйелерін басқаруға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қабілетті цифрлық трансформация басқарушыларын даярлауға арналған.

5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: экономиканы цифрлық трансформациялау және ақпараттық қоғамды дамыту жағдайында цифрлық даму саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қабілетті басқарушылардың жаңа буынын даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- цифрлық технологиялар саласындағы басқару стратегияларын бағалауды, талдауды және жүзеге асыруды практикалық қолдануда басқарушылық құзыреттерді дамыту;
- ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шарттарын ескере отырып, цифрлық технологияларды пайдалану арқылы мемлекеттік басқару саласындағы қолданбалы салааралық дағдыларды дамыту;
- мемлекеттік басқару жүйесінде инновациялық тәсілдерді қолдану үшін Big Data, цифрлық экожүйені және инфрақұрылымды басқару саласындағы құзыреттерді дамыту;
- деректерді талдау мен визуализациялаудың Power BI, Python, Tableau, Quantum GIS және т.б. құралдарын пайдалана отырып, басқару шешімдерін қабылдау кезінде дәлелдер мен деректерді жинау мен талдау дағдыларын жетілдіру.

6. Бағдарламаның артықшылықтары:

- білім беру барысында, сондай-ақ зерттеушілік және талдау жұмыстарын жүргізу кезінде цифрлық даму саласындағы уәкілетті органмен ынтымақтастық;
- білім беру процесіндегі инновациялық, аналитикалық және басқарушылық қабілеттерді дамыту;
- шет тілінің тиісті деңгейін растайтын сертификаты болған жағдайда Академияның шетелдік серіктес университетінде тағылымдамадан өту мүмкіндігі;
- ҚР ЦДИАӨ, ОАО және ЖАО цифрлық даму бойынша құрылымдық бөлімшелерінде, Astana Hub, «Инновациялық технологиялар паркінде», «Азаматтарға арналған үкіметте», «QazInnovations» инновацияларды дамыту жөніндегі ұлттық агенттікте, «ҰАТ» АҚ-да және т.б. өндірістік парктикадан өту мүмкіндігі;
- оқыту үшін жетекші шетелдік және қазақстандық сарапшыларды, мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы мемлекеттік басқару және цифрлық трансформация саласындағы тәжірибелі мамандарды тарту;
- әлеуметтік нетворкингті дамыту, сала мамандарымен қарым-қатынас жасау, өзара оқыту (peer learning);
- мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде оқыту.

7. Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- ақпаратты өңдеу, деректерді талдау мен тексеру және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін цифрлық технологияларды пайдаланады;
- стратегиялық мақсаттарға сәйкес нақты міндеттерді анықтау, ұжымның цифрландыру міндеттерін сапалы және уақтылы іске асыруына жағдай жасау және бағдарлау дағдыларын

көрсетеді;

- мемлекеттік басқару саласындағы процестердің ашықтығын, тиімділігін және автоматтандыруын арттыру үшін заманауи технологияларды пайдаланады;

- әдептілік кодексіне және әріптестері мен мүдделі тараптарға қатысты парасаттылық, адалдық, ізгі ниет қағидаттарына сәйкес барлық жағдайларда әдептілік мінез-құлық ережелерін қатаң ұстанады, цифрлық құралдармен және жеке деректермен жұмыс істеу кезінде ақпараттық қауіпсіздік ережелерін сақтайды;

- деректерді талдау негізінде және нәтижелерге бағытталған нақты мақсаттар қоя алады;

- мүмкіндіктерді, тәуекелдерді талдайды, сондай-ақ белгісіздік жағдайында ресурстарды ескеріп, оларды жоспарлайды;

- мемлекеттік органның қызметін жетілдіру бойынша IT-жобаларға бастамашылық жасауға және инновациялық тәсілдерді енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеуге қабілетті.

8. Бағдарламаның құрылымы және академиялық мазмұны:

Семестр	Пәннің атауы	БП/ ПП	ЖОО К/ТК	ECTS
1	Мемлекеттік басқару	БП	ЖООК	2
	Цифрландыру процестерін құқықтық реттеу	ПП	ЖООК	4
	Кәсіби ағылшын тілі	БП	ЖООК	2
	Мемлекеттің цифрлық трансформациялануы және электрондық үкіметтің инфрақұрылымы	БП	ЖООК	5
	Бизнес-процестердің реинжинирингі	ПП	ЖООК	3
	Цифрлық экожүйенің ақпараттық қауіпсіздігі	ПП	ЖООК	4
	Зерттеу әдістері мен дизайны	ПП	ЖООК	3
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>			23
	<i>Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)</i>			7
	1-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ			30
2	Жасанды интеллект және тереңдетілген дәлелді талдау	ПП	ЖООК	3
	Ресми жазылым және цифрлық дискурс (мемлекеттік тілде)	ПП	ЖООК	2
	Цифрлық мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	ПП	ЖООК	2
	Ақпараттық жүйелер архитектурасы	ПП	ЖООК	2
	Жобаларды басқару	ПП	ЖООК	3
	Big Data және шешім қабылдау	ПП	ЖООК	3
	Таңдау компоненті	БП	ТК	4
	<i>Өндірістік тәжірибе</i>			2
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>			21
	<i>Тағылымдама</i>			2
	<i>МЭЗЖ</i>			4
	<i>Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)</i>			8
	2-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ			35
	Теориялық оқыту бойынша барлығы + тәжірибе			44
	Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны жазу және қорғау)			8
	МЭЗЖ + тағылымдама			13
	ИГЕРУГЕ МІНДЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ			65